3.3. Оның мемлекеттік мәдениеттің жаңалықтарынан жаулап анықтайды.

3.4. Оның мемлекеттік мәдениеттің жаңалықтарынан жаулап анықтайды.

3.5. Оның мемлекеттік мәдениеттің жаңалықтарынан жаулап анықтайды.

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 2013 жыл

1. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

1.1. Қоғамның толық атауы:

- қазақ тілінде – «АСЫЛ-ИНВЕСТ» Акционерлік қоғамы;
- орыс тілінде – Акционерное общество «АСЫЛ-ИНВЕСТ»;
- ағылшын тілінде – «ASYL-INVEST» Joint-Stock Company

Қоғамның қысқартылған атауы:

- қазақ тілінде - «АСЫЛ-ИНВЕСТ» АҚ;
- орыс тілінде - АО «АСЫЛ-ИНВЕСТ»;
- ағылшын тілінде – «ASYL-INVEST» JSC.

1.2. Қоғамның атқарушы органдың орналасқан жері: 050013, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостандық ауданы, Байтұрсынов көшесі, 132 Б үй.

2. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Занына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да заң актілеріне сәйкес құрылтайшылар шешімінің негізінде құрылған.

2.2. Қоғам занды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

2.3. Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестіктің негізінде жүзеге асырылады.

2.4. Қоғамның дербес балансы, банктік және басқа да шоттары, атауы көрсетілген мөрі бар.

2.5. Қоғамның үлгілері белгіленген тәртіппен бекітіletін және тіркеletіn өз тауар белгісі, логотипі, қызмет көрсету белгісі және бейнелемесі бар.

2.6. Қоғамның қызмет ету мерзімі шектелмеген.

3. ҚОҒАМНЫҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТИНІҢ МӘНІ

3.1. Қоғам қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмаған қызметтен таза табыс алу болып табылады.

3.2. Қоғам қызметінің мәні төмендегілер болып табылады:

- бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік - делдалдық қызмет;
- инвестициялық портфельді басқару;
- сабагаттық қызмет;
- акпараттық-талдамалы қызмет;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызмет.

3.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында лицензиялануы ескерілген қызмет түрлерін Қоғам тиісті қызмет түріне белгіленген тәртіппен лицензия алғаннан кейін жүзеге асырады.

4. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құқықтарға ие.

4.2. Қоғам өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке иелік етеді және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өз мүлкінің шегінде жауапты болады.

4.3. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасай алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттемелерді ала алады және жузеге асыра алады, сotta талапкер және жауап беруші бола алады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жузеге асыра алады.

4.4. Қоғам Қазақстан Республикасында және шетелде өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құра алады, оларға меншігіндегі мүлік есебінен негізгі және айналым қаражаттарын бере алады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес олардың қызмет тәртібін белгілей алады. Филиалдар мен өкілдіктердің мүлкі Қоғамның тенгерімінде есепке алынады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке балансында немесе жалпы Қоғам балансында есептеледі.

4.5. Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметіне Қоғам тағайындастын тұлғалар басшылық етеді. Филиал басшысы және өкілдік басшысы Қоғам берген сенімхаттың негізінде әрекет етеді.

4.6. Сонымен қатар Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген басқа да құқықтарды жузеге асыра алады.

5. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Қазақстан Республикасының заңды және (немесе) жеке тұлғалары Қоғамның акционерлері бола алады.

Шетелдік заңды және жеке тұлғалар Қоғамның қызметіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қатысуға құқылы.

5.2. Қоғам акционері:

- 1) осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивиденд алуға;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде осы Жарғыда анықталған тәртіппен Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;
- 4) тіркеушіден немесе номиналды ұсташыдан оның бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 5) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;
- 6) Қоғам органдары кабылдаған шешімдерді сот арқылы даулауға;
- 7) Қоғам органдары Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Жарғының нормаларын бұзатын әрекеттерді жасаған жағдайда өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгінуге;
- 8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауалдармен жүгінуге және Қоғамның сауалды алған уақытынан отыз күннен кешіктірмей, дәлелді жауап алуға;
- 9) Қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін иеленуге;

10) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе акцияларына айырбасталатын оның басқа бағалы қағаздарын басымдылықпен сатып алуға құқылы;

5.3. Ірі акционер сондай-ақ;

- 1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналышын шақырудан бас тартқан жағдайда сотқа жиналыш шақыру туралы талаппен жүргінуге;
- 2) директорлар кеңесіне қолданыстағы заңнамаға сәйкес акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіне қосымша мәселелерді қосу туралы ұсыныс жасауға;
- 3) директорлар кеңесі отырысының шақырылуын талап етуге;
- 4) ірі акционердің есебінен аудиторлық ұйымнан Қоғамның аудитін өткізуі талап етуге құқылы.

5.4. Акционерлердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

5.5. Қоғам акционері:

- 1) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделеген тәртіппен акцияларды төлеуге;
- 2) Қоғамға өзіне тиесілі акцияларды сату туралы ірі мәміле жасауға ниеттенгені туралы хабарлауға;
- 3) он күннің ішінде тіркеушіге және аталған акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуі үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;
- 4) Қоғам туралы немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиясы болып табылатын қызметі туралы мәліметтерді жария етпеуге;
- 5) басқа да міндеттерді Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес орындауға міндettі.

5.6. Қоғамның Қоғам акционерлерінің акцияларды сатуына кедергі жасауға құқығы жоқ.

5.7. Қоғам оның акцияларын сатуға тілек білдірген тұлғаға оларды Қоғамның өзінің немесе үшінші тұлғалардың ұсынылған бағадан жоғары бағамен сатып алатындығы туралы ұсыныс жасауға құқылы. Сатып алу туралы ұсыныста акцияларды саны, акцияларды үшінші тұлғалар сатып алса, сатып алушылардың бағасы мен реквизиттері туралы деректер болуға тиіс. Қоғамның аталған құқығы Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелері отырып жүзеге асырылады.

6. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

6.1. Қоғамның жарғылық капиталы акционерлердің акцияларды олардың номиналдық құны бойынша төлеуі және акцияларды инвесторларға (инвесторға) орналастыру бағасы бойынша сатуы арқылы қалыптасады.

6.2. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайтуға Қазақстан республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес акцияларды шығару және орналастыру арқылы акционерлердің жалпы жиналышының немесе соттың шешімі бойынша рұқсат етіледі.



7. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

7.1. Қоғам жай акциялар, не жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акциялар күжатсыз нысанда шығарылады.

7.2. Қоғам басқа да бағалы қағаздар шығаруға құқылы, оларды шығару, орналастыру, айналысқа салу және өтеу талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздаррыногы туралы заңдарымен белгіленеді.

7.3. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналышына қатысу құқығын, қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

7.4. Артықшылығы бар акциялар акционерге, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.

7.5. Артықшылықты акциялардың меншік иелері - акционерлердің жай акциялардың меншік иелері - акционерлеріне қарағанда қоғамның жарғысында белгіленіп, алдын ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуга және қоғам таратылған кезде осы Заңда белгіленген тәртіппен мүліктің бір бөлігіне басым құқығы бар. Орналастыру кезеңінде қоғамның артықшылықты акцияларының саны оның орналастырылған акцияларының жалпы санының жиырма бес процентінен аспауга тиіс.

7.6. Жарияланған акциялардың шығарылуын мемлекеттік тіркеуді және Қоғам акцияларын орналастыру нәтижелері туралы есеп беруді Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген мерзімде және тәртіппен уәкілдегі орган жүзеге асырады.

7.7. Қоғам акцияларының тізілімін қалыптастыруды, жүргізуі және сақтауды бағалы қағаздаррыногы туралы заңдарға сәйкес тіркеуші жүзеге асырады.

7.8. Қоғамның орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеп алынады.

7.9. Акцияларды кепілдікке салу туралы мәселелерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы реттейді.

8. ҚОҒАМ АКЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР

8.1. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер акционерлердің жалпы жиналышында Қоғамның дауыс беретін акцияларының жай көпшілігімен дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындай төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайдаған жол беріледі. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

8.2. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша:

- 1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;
- 2) егер қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы зандарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не атап болған белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса дивиденд төлеуге жол берілмейді.

8.3. Қоғамның жай акциялары бойынша тоқсан немесе жартышылдық қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу тек қана қоғамның тиісті кезең үшін қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін және акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен жүзеге асырылады. Жалпы жиналыстың жай акциялар бойынша тоқсан немесе жартышылдық қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға төленетін дивиденд мөлшері көрсетіледі.

8.4. Қоғамның жай акциялары бойынша жыл қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды.

8.5. Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылданған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялауга күкілді.

8.6. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында, Қоғамның корпоративтік веб-сайтында жариялануға тиіс.

8.7. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу қоғам органдының шешімін талап етпейді.

8.8. Қоғамның артықшылығы бар акциялары бойынша дивидендтер жылдан бір рет төленеді. Артықшылығы бар акциялар бойынша кепілдік дивидендтер мөлшерінің төленуі басталатын күнін Қоғамның атқарушы органы белгілейді.

8.9. Бір артықшылығы бар акцияға дивидендтің мөлшері 0,001 (ноль бүтін мыннан бір) теңгені құрайды.

8.10. Артықшылықты акциялар бойынша есептелеғін дивидендтердің мөлшері жай акциялар бойынша осы кезең үшін есептелеғін дивидендтердің мөлшерінен аз болмауы керек.

8.11. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер толық төленгенге дейін оның жай акциялары бойынша дивидендтер төленбейді.

8.12. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзімінің басталуы алдындағы бес жұмыс күні ішінде Қоғам бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» занының 23-бабы 3-тармағының 1), 2), 4), 5) тармакшаларында тізіп келтірілген мәліметтерді көрсете отырып, дивидендтер төлеу, сондай-ақ қоғамның бір артықшылықты акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ақпарат жариялауга міндетті.



9. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

9.1. Қоғамның органдары:

жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;

басқару органы – Директорлар кеңесі;

атқарушы орган – Басқарма;

бақылау органы – Ішкі аудит қызметі болып табылады.

10. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

10.1. Қоғамның жоғары органы Акционерлердің жалпы жиналысы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

10.2. Қаржылық жыл аяқталғаннан кейінгі бес айдың ішінде Қоғам жыл сайын жылдық Акционерлердің жалпы жиналысын өткізеді. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады. Акционерлердің алғашқы жалпы жиналысы жарияланған акциялардың шығарылуы мемлекеттік тіркеуге алынғаннан және акция ұстаушылар тізілімі құрылғаннан кейін шақырылуы мүмкін.

10.3. Жыл сайынғы Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржылық есебі бекітіледі, Қоғамның өткен қаржылық жыл ішіндегі таза табысын үлестіру тәртібі және дивидендтің Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы мөлшері анықталады.

10.4. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешілуі Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

10.5. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған бір акциялар түрін басқа акциялар түріне алмастыру туралы шешім қабылдау, мұндай алмастырудың шарттары мен тәртібін анықтау
- 8) санақ комиссиясының сандық құрамын және уәкілдіктерінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және уәкілдіктерді мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, уәкілдіктерінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілдіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ сыйақылар және директорлар кеңесі мүшелерінің шығындарын олардың ез міндеттерін орындағаны үшін өтемақылар мөлшерін және төлеу шарттарын анықтау;
- 10) Қоғамға аудит жургізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
- 11) жылдық қаржы есебін бекіту;
- 12) Қоғамның бизнес-жоспарын бекіту;

- 13) Қоғамның есептік қаржылық жылдың таза табысын үlestіру тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендерді төлеу туралы шешім қабылдау және дивидендтің Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы мөлшерін бекіту;
- 14) осы Жарғыда және қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайлар орын алғанда Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендерді төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 15) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 16) Қоғамның басқа занды тұлғалардың құрылуына немесе қызметіне активтерінің бір бөлігін немесе қосындысы Қоғамның иелігіндегі барлық активтерінің жиырма бес және одан астам процентін құрайтын бірнеше бөліктерін беру арқылы қатысу;
- 17) Қоғамның акционерлерге акционерлердің жалпы жиналышын шақыратындығы туралы хабарлау нысанын анықтау және осындағы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 18) акцияларды Қоғам төлеп алған жағдайда олардың құнын анықтау әдістемесін қолданыстағы заңнамаға сәйкес анықтау;
- 19) акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібін бекіту;
- 20) акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп Қоғамның Жарғысында көзделмеген болса, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
- 21) жасалуына Қоғам мүдделі ірі мәмілелерді және мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау.

Акционерлердің Жалпы жиналышының осы тармақтың 1)-4), 18) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдері қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен (төрттен уш бөлігінен кем емес) қабылданады. Бұл ретте, қоғамның жарғысында өзге мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға қажетті көп дауыс саны ғана көзделуі мүмкін.

10.6. Акционерлердің жалпы жиналышы Қоғамның басқа органдарының Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелері бойынша кез-келген шешімінен бас тартуға (өзгертуге) құқылы.

10.7. Акционерлердің жылдық жиналышын Директорлар кеңесі шакырады. Акционерлердің кезектен тыс жиналышы:

- 1) Директорлар кеңесінің;
- 2) ірі акционердің бастамасымен шақырылады.

10.8. Акционерлердің жалпы жиналышын:

- 1) атқарушы орган;
- 2) Қоғамның тіркеуіші онымен жасалған шартқа сәйкес;
- 3) Директорлар кеңесі;
- 4) Қоғамның тарату комиссиясы дайындауды және өткізеді.

10.9. Акционерлерге алда жалпы жиналыш өткізілетін туралы жиналыш өткізілетін күннен - күнтізбелік отыз күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында күнтізбелік қырық бес күн бұрын хабарлануға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналышын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға және (немесе) акционерге оған жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарлану керек. Көрсетілген мерзімдер акционерлердің жалпы жиналышының өткізілетіндігі туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен немесе оны акционерлерге жазбаша түрде жібергеннен күннен бастап есептеледі.

Акционерлердің жалпы жиналысы туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және басқа тілдерде жарияланған жағдайда белгіленген мерзім осындай жарияланымдардың соңғы күнінен бастап есептеледі.

10.10. Акционерлердің жалпы жиналысын қайталап өткізуді акционерлердің бастапқы (болмай қалған) жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен erte тағайындауға болмайды. Болмай қалған акционерлердің жалпы жиналысының орнына қайталап өткізілетін жиналыс төмендегі жағдайларда күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы:

- 1) кворумның жоқ болу себебімен өткізілмей қалған акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталды;
- 2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысатын иелігінде Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы қырық және одан астам проценті бар акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелді.

10.11. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі құрастырады және оған талқылауға шығарылатын анық тұжырымдалған мәселелердің толькі тізімі енгізілу керек.

10.12. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы жоқ.

10.13. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысуға және онда дауыс беруге құқылы бар, қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы..

10.14. Акционер Акционерлердің жалпы жиналысына өзі немесе өзінің өкілі арқылы қатысуға және қаралып жатқан мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген сенімхаттың негізінде әрекет етеді.

10.15. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлер (олардың өкілдері) тіркеуге алынады. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде ескерілмейді және дауыс беруге қатысуға құқылы жоқ.

10.16. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум бар болған жағдайда жарияланған уақытта ашылады.

10.17. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын (президиумын) және хатшысын сайлайды.

10.18. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс берудін – ашық немесе құпия түрін (бюллетьдер бойынша) анықтайды. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (президиумын), хатшысын сайлау «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады, ал шешім қатысып отырган акционерлер дауыстарының жай көпшілігімен қабылданады.

10.19. Акционерлерінің саны жүзден кем Қоғамда санак комиссиясы функцияларын акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы жүзеге асырады.

10.20. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралғаннан кейін және олар бойынша шешім қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялануы мүмкін.

10.21. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) немесе акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей қолданыла алады.

10.22. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәмендегі жағдайларды қоспағанда, «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады:

- 1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша ең жоғарғы дауыстар санын шектеу;
- 2) Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру күкірткыштар бар әр түлгага Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуудің процедуралық мәселелері бойынша бір дауыстан беру.

10.23. Кумулятивті дауыс беру кезінде акция бойынша берілетін дауыстарын акционерлер толығымен Директорлар кеңесі мүшелігіне бір кандидатқа бере алады немесе Директор кеңесі мүшелігіне бірнеше кандидаттарға бөле алады. Директорлар кеңесіне сайланған болып ең көп дауыс берілген кандидаттар танылады.

10.24. Дауыс беру нәтижелері бойынша дауыс беру қорытындылары туралы хаттама құрастырылады және оған қол қойылады. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру нәтижелері акционерлерге оларды бұқаралық акпарат құралдарында жариялау немесе әр акционерге Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейінгі он күннің ішінде жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарланады.

10.25. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жиналыс жабылғаннан кейінгі үшін күннің ішінде құрастырылады және оған қол қойылады.

10.26. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысының тәрағасы (президиум мүшелері) және хатшысы;
- 2) санақ комиссиясының мүшелері немесе хатшы;
- 3) дауыс беретін акциялардың он және одан астам процентін иеленетін және Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер қол қояды.

11. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

11.1. Директорлар кеңесі – Қоғам қызметіне, Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, жалпы басшылық ететін Қоғам органды.

11.2. Директорлар кеңесінің ерекше құзыреттеріне тәмендегі мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын анықтау немесе Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;

- 2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) Жарияланған акциялар санының шеңберіндегі акцияларды орналастыру (іске асыру), оның ішінде орналастырылатын (іске асырылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (іске асыру) тәсілдері туралы шешімді қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды төлеп алуды және оларды алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын-ала бекіту;
- 6) Директорлар Кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 7) Қоғамның облигациялары мен бағалы қағаздар туындыларын шығару жағдайларын анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;
- 8) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, уәкілдіктерінің мерзімін анықтау, оның басшылары мен мүшелерін сайлау, сонымен қатар оның уәкілдіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Қоғам Басқармасының лауазымдық айлықақы мөлшерін, еңбек ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын анықтау;
- 10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 11) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйлақы шарттарын айқындау;
- 12) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық үйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не қоғам акцияларының ақысын төлеу үшін берілген мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 13) қоғамның ішкі қызметін реттейтін күжаттарды (бұған қоғам қызметін үйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын күжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі күжатты бекіту;
- 14) Қоғам филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 15) қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайзын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;
- 16) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жаткызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 17) қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамага көбейту;
- 18) қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қоргалатын өзге де күпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- 19) комитеттерді құру, олардың сандық құрамын бекіту, комитет мүшелерін бекіту, сондай-ақ комитеттердің қызмет реттейтін ішкі күжаттарды бекіту туралы шешім қабылдау;
- 20) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын басқа да мәселелер.

11.3. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғамның атқарушы органынан шешін берілмейді.

11.4. Қоғамның жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналышының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

11.5. Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде жеке тұлға сайланады. Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) акционерлер – жеке адамдар;
- 2) директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;
- 3) басқа адамдар (осы Жарғының 11 бабының 11.6. тармағында белгіленген шектеуді ескере отырып) арасынан сайланады.

11.6. Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) жеке адам сайланады. Мұндай адамдардың саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспау керек

11.7. Директорлар кеңесінің мүшелері кумулятивті дауыс беру арқылы сайланады. Қоғамның басқарма Төрағасы Директорлар кеңесіне сайланады, бірақ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланады алмайды.

11.8. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамы акционерлердің жалпы жиналышының шешімімен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес анықталады.

11.9. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдардың, егер Қазақстан Республикасының заңдарында және қоғамның жарғысында өзгеше көзделмесе, қайта сайлануына шек қойылмауы мүмкін.

11.10. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін акционерлердің жалпы жиналышы белгілейді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жаңа директорлар кеңесін сайлау өткізілетін жалпы жиналышын өткізу кезінде аяқталады.

11.11. Акционерлердің жалпы жиналышы директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға күкілі.

11.12. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

11.13. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналышында ұсынылған кумулятивті дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл орайда директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алғанда директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

11.14. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.

11.15. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және онда төрағалық етеді, отырыстарда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады.

11.16. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе атқарушы органның бастамасы бойынша, не:

- 1) директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

Қоғамның Директорлар кеңесін шақыру және өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталады.

11.17. Қоғамның директорлар кеңесін өткізу үшін кворум Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмау керек.

11.18. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің отырыска қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде Төрағаның даусы шешуші дауыс болып табылады.

11.19. Қоғамның Директорлар кеңесінің хаттамасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам және хатшысы қол қояды.

12. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

12.1. Қоғамның атқарушы органның функцияларын Қоғам Басқармасы жүзеге асырады. Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметін басқарады. Қоғам басқармасы акционерлердің жалпы жинальысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

12.2. Басқарманың өкілеттіктеріне Қоғамның ағымдағы қызметін басқарудың келесі мәселелері жатады:

- 1) Қоғамның құрылымын штаттық кестесін және жұмыскерлерінің санын анықтау;
- 2) Қоғамның жедел қызметін басқару, акционерлердің Жалпы жинальысы, Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;
- 3) Қоғамның аймактық бөлімшелерімен (филиалдарымен, өкілдіктерімен) және басқа да бөлімшелерімен жұмысын өзірлеу және жұмыс істеу саясатын бекіту (рентабельділік, еңбекакы төлеу қоры, кірістер мен шығыстар сметасы және т.б.);
- 4) шоғырландырылған жылдық қаржы есебін, Қоғамның акцияларды сатып алу туралы ұсыныстарын, жасалған ірі мәмілелер туралы мәліметтерді және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес басқа да мәліметтерді бұкаралық аппарат құралдарында жариялау;
- 5) Қоғам жүргізетін барлық операциялар түрлерін бақылау;
- 6) Қоғам мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған шешімдерді қабылдау;

- 7) Қоғамның ағымдағы қызметінің мәселелерін реттейтін, Директорлар кеңесінің саласына жатпайтын ішкі құжаттарды бекіту және олардың орындалуын бақылау;
- 8) Қоғамның ішкі тәртібін реттейтін құжаттарды бекіту;
- 9) Директорлар кеңесі, акционерлердің Жалпы жиналысы шешімдерінің орындалуын бақылау;
- 10) Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын мәселелерді дайындау және оған бекітуге беру;
- 11) Қоғамның акционерлердің жалпы жиналысының немесе Қоғамның директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелерден басқа мәселелердің барлығын шешу.

12.3. Қоғам Басқармасы Қазақстан Республикасы заң актілерінде және Қоғамның Жарғысында басқа органдардың және лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

12.4. Басқарма мүшелері басқа ұйымдарда Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы. Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заң актілерімен, Қоғамның Жарғысымен, сондай-ақ Қоғаммен жасалатын еңбек шарттарымен анықталады. Қоғамның атынан Басқарма мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе оған Жалпы жиналыс немесе Директорлар кеңесі уәкілдік берген адам қол қояды. Қоғамның атқарушы органының басшысы лауазымында жұмыс істеуге еңбек шарты Директорлар кеңесінің шешімімен немесе тараптардың келісуімен белгіленген мерзімге жасалады.

12.5. Басқарма отырысына Басқарма мүшелері санының жартысынан кем емес бөлігі катысып отырған жағдайда Басқарма шешім қабылдауға құқылы. Басқарма шешімдері Басқарма мүшелері санының жай дауыстар көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Басқарманың карауына мәселелерді шығару құқығы акционерлерге, Басқарма Төрағасына, Компания Басқармасының мүшелеріне, Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілген.

12.6. Басқарма Төрағасы:

- 1) акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) үшінші тараптармен қарым-қатынастарда Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) Қоғамды оның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында білдіру құқығына сенімхат береді;
- 4) Қоғам жұмыскерлерін жұмыска қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан шығарады (осы Занда белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға ынталандыру шараларын қолданады және тәртіп жазасын салады, Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларға жеке үстемелердің мөлшерін қоғамның штаттық кестесіне сәйкес белгілейді, Қоғам жұмыскерлерінің, атқарушы органының құрамына кіретін және Қоғамның ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерін қоспағанда, сыйлықақы мөлшерлерін анықтайды;
- 5) өзі болмagan жағдайда міндеттерін орындауды жұмыскерлерінің (орынбасарларының) біріне жүктейді;
- 6) жұмыскерлер (орынбасарлар) арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын үlestіреді;
- 7) Қоғамның штаттық кестесін бекітеді;

- 8) уәкілетті органның келісімімен уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіппен өкілдіктер мен филиалдар басшыларын, басшылар орынбасарларын, бас есепшілерін тағайындауды;
- 9) Қоғам жұмыскерлерінің кәсіби даярлығы және қайта даярлануы туралы мәселелерді шешеді;
- 10) қолданыстағы заңнамада көзделген ақпаратты уәкілетті органға, сондай-ақ оның сұрауы бойынша ұсынады;
- 11) Директорлар кеңесінің алдында жыл сайын Қоғамның даму жоспарының жузеге асырылуы туралы есеп береді;
- 12) Қолданыстағы заңнама, жеке еңбек шарттары, акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдері анықтаған баса да функцияларды жузеге асырады.

12.7. Қоғам Басқармасының сайлануы, Басқарма мүшелерінің өкілеттіктерін, лауазымдық айлықақы мөлшері, сондай-ақ Басқарма мүшелері өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жузеге асырылады.

12.8. Қоғамның лауазымды тұлғалары:

- 1) өздеріне жүктелген міндеттерді сапалы түрде орындауды және Қоғам мен акционерлердің мүдделерін анығырақ көрсететін тәсілдерді қолданады;
- 2) Қоғамның мүлкін пайдаланбайды немесе оның Қоғам Жарғысына және акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы қолданылуына жол бермейді;
- 3) бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын, оған қоса тәуелсіз аудиттің жүргізуін қамтамасыз етуге міндетті;
- 4) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуын және берілуін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес бақылайды.

13. ҚОҒАМНЫҢ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТИ

13.1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау үшін ішкі аудит қызметі құрылуды мүмкін.

13.2. Ішкі аудит қызметін құру және оның қызмет жасау тәртібі, ішкі аудит қызметкерлеріне енбекақы және сыйлықақы төлеу мөлшері және шарттары Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады;

13.3. Ішкі аудит қызметкерлері Директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайланана алмайды. байды.

13.4. Ішкі аудит қызметі тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және оған өзінің жұмысы туралы есеп береді.

14. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ МЕН АУДИТИ

14.1. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен және бухгалтерлік есеп стандарттарымен белгіленеді.

14.2. Қоғам Басқармасы жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет жөніндегі заңдарына сәйкес жасалған өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті табыс етеді. Атқарушы орган қаржылық есептілікten басқа жалпы жиналысқа аудиторлық есепті табыс етеді.

Қаржылық есептіліктен басқа Қоғам Басқармасы жалпы жиналысқа аудиторлық есеп тапсырады.

14.3. Қоғамның жылдық қаржылық есептілікті директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өтетін күнге дейін отыз күннен кешкітірмей алдын ала бекітуге тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жургізіледі.

14.4. Қоғам шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес үйымы (үйымдары) болмаған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайын жариялауға міндettі.

14.5. Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада жария етіледі. Нәтижесінде қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тарараптары, мәміленің мерзімдері мен талараптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.

14.6. Қоғам жылдық қаржылық есептіліктің аудит жүргізуге міндettі. Қоғамға аудит директорлар кеңесінің, атқарушы органның бастамасы бойынша қоғам есебінен не ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі.

14.7. Қоғамның құжаттары, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі мерзім бойы және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген көлемде сақталады. Қоғам акционер сұратқан Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттардың көшірмелерін табыс етуге міндettі. Бұл жағдайда қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен сақталатын құпияны құрайтын ақпаратты беруге шектеу қоюға рұқсат етіледі.

15. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРИНЕ (ИНВЕСТОРЛАРЫНА) ӨЗІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУІ ЖӘНЕ ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛГАЛАРЫНЫҢ ОЛАРДЫҢ АФФИЛИРЛЕНГЕН ТҮЛГАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ

15.1. Қоғам өзінің акционерлері мен инвесторларының назарына қоғамның мынадай корпоративтік оқиғалары:

- 1) бұл мәселелер туралы ақпаратты қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлердің және инвесторлардың назарына жеткізуге тиіс, акционерлердің жалпы жиналысы және директорлар кеңесі олардың тізбесі бойынша қабылдаған шешімдер;
- 2) қоғамның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерін, қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, уәкілетті органның қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;
- 3) қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуына қоғам мүдделі мәмілелерді жасасуы;
- 4) осы қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға қоғамның мүлкін кепілге (қайта кепілге) беруі;



- 5) қоғамның өз капиталының жиырма бес және одан да көп проценті болатын мөлшерде қоғамның қарызы алуы;
- 6) қызметтің қандай да түрін жүзеге асыруға қоғамның лицензиялар алуы, қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға қоғамның бұрын алған лицензиялары қолданылуының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;
- 7) қоғамның заңды тұлға құруға катысуы;
- 8) қоғам мүлкіне тыйым салынуы;
- 9) нәтижесінде баланстық қуны қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын қоғам мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;
- 10) қоғамның және оның лауазымды адамдарының әкімшілік жауапқа тартылуы;
- 11) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;
- 12) қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;
- 13) қоғамның жарғысына, сондай-ақ қоғамның бағалы қағаздар шығару проспектісіне сәйкес қоғам акционерлерінің және инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де оқигалар туралы ақпаратты жеткізуге міндettі.

15.2. Қоғам қызметі туралы акционерлер мен инвесторлардың мүдделерін қозғайтын ақпарат акционерлерге:

- 1) «Казахстанская правда» және (немесе) «Егемен Қазахстан» мерзімді баспа басылымдарында және (немесе) Қоғамның корпоративтік сайтында, қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда Интернет желісінде жариялау;
- 2) акционердің өзі жазбаша сұратқан жағдайда ақпарат беру арқылы жеткізіледі.

15.3. Қоғам Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында корпоративтік оқигалар туралы ақпаратты, қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерін уәкілетті органның нормативтік күкүйктық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орналастыруды қамтамасыз етеді.

15.4. Корпоративтік оқигалар туралы ақпарат беру осы Заңға және қоғамның жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Корпоративтік оқигалар туралы ақпаратты Қоғам өзінің корпоративтік веб-сайтында немесе Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында уәкілетті органның нормативтік күкүйктық актісімен белгіленген тәртіппен және мерзімде орналастыруға міндettі.

15.5. Акционер ақпарат алу мақсатымен Қоғамның атқарушы органына жазбаша түрде жүргінеді. Акционердің жүргінуші Қоғамның кіріс құжаттарының есебін жүргізу журнальында тіркеleуге тиіс. Қоғам акционерге талап етілген ақпаратты (сұратқан құжаттардың көшірмелерін) сұратқан күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде табыс етуге міндettі.

15.6. Құжаттардың көшірмелерін беру үшін төленетін ақы мөлшерін қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындауға жұмсалған шығыстар қуны мен құжаттарды акционерге жеткізіп беруге байланысты шығыстарды төлеу ақысынан аспауы керек.

15.7. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилиирлену туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметті қоғамға табыс етуге міндettі.

15.8. Қоғамның лауазымды тұлғалары лауазымға қабылданған күннен бастап 10 жұмыс күннің ішінде Қоғамға өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты жазбаша түрде табыс етуге міндетті.

15.9. Акционерлер Қоғамға өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты жазбаша түрде әдейі және (немесе) поштамен және (немесе) электронды пошта аркылы Қоғам акцияларына меншік құқығын сатып алған күннен кейінгі 10 жұмыс күннен кешіктірмей табыс етеді.

15.10. Қоғам акционерлері мен лауазымды тұлғалары өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпараттың өзгергендігі туралы өзгеріс енгізілген күннен кейінгі 10 жұмыс күннен кешіктірмей хабарлауға міндетті.

16. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

16.1. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, белініп шығу, қайта құру) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жузеге асырылады.

16.2. Егер қоғам қайта ұйымдастырылған жағдайда өз қызметін тоқтатса, оның акциялары шығарылымының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен күші жойылуға тиіс.

16.3. Қоғам қайта туындаған заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап, біргу түріндегі қайта ұйымдастыруды қоспағанда, қайта ұйымдастырылған болып танылады.

16.4. Қоғамның ерікті таратылуы туралы шешімді Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес кредиторлармен келісе отырып және солардың бақылауымен тарату процедурасын аныктайтын акционерлердің жалпы жинальсында қабылданады.

16.5. Қоғамды мәжбурлеп таратуды сот Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда жүзеге асырады.

16.6. Соттың немесе акционерлердің Жалпы жинальсының Қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады. Тарату комиссиясы Қоғамды тарату кезеңінде оны басқару және тізімі Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған әрекеттерді жасау өкілеттіктеріне ие.

16.7. Тарату комиссиясының құрамына Қоғам кредиторларының атынан өкілдер, ірі акционерлер өкілдері, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жинальсының шешіміне сәйкес басқа да адамдар енгізу керек.

16.8. Қоғамды тарату процедурасы және оның кредиторларының талаптарын канаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі. Қоғамды тарату кезінде оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылағу жатады.

16.9. Қоғам мемлекеттік регистрға тиісті жазу енгізілгеннен кейін таратылған болып есептеледі.



17. ҚОҒАМ МЕНШІГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

17.1. Қоғам мүлкінің және оған тиесілі құқықтардың құқықтық қорғалуы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жузеге асырылады.

18. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

18.1. Егер осы Жарғының ережелерінің бірі жарамсыз болып табылса, бұл Жарғының басқа ережелерін қозгамайды. Осы Жарғының жекелеген ережелерінің жарамсыздығы оның толығымен жарамсыз болып табылуына алыш келмейді. Жарамсыз ереже заңмен рұқсат етілген және тиісті қатынасты реттейтін ережеге ауыстырылады.

18.2. Жарғыға енгізілетін Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгертулер мен толықтырулар акционерлердің Жалпы жиналышының (жалғыз акционердің) шешімімен енгізіле алады.

18.3. Қоғамның қызметіне қатысты осы Жарғыда көрсетілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

19. КУШІНЕ ЕНУ

19.1. Осы Жарғы мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді.

«АСЫЛ-ИНВЕСТ» АҚ Жалғыз Акционерінің Шешімінің негізінде (2013 жылдың 28 қарашасындағы шешім)



(қолы)

Басқарма Төрағасы

«АСЫЛ-ИНВЕСТ» АҚ Дюсембеков Аслан Гусманович

СМОТРИ
НА ОБОРОТЕ

Республика Казахстан, город Алматы,
Двадцать шестое декабря две тысячи
тринацатого года.

Я, Шайкенова Лидия Алексеевна, нотариус
города Алматы, нотариус, действующая на
основании государственной лицензии
№0000970 от 25 января 2002 года,
выданной Министерством юстиции
Республики Казахстан, свидетельствую
подлинность подписи представителя
АО «АСЫЛ-ИНВЕСТ» в лице
гр. Дюсембекова Аслана Гусмановича,
которая сделана в моем присутствии.
Полномочия его проверены.

Зарегистрировано в реестре за № 1835
Сумма, оплаченная частному
нотариусу 1904 тенге

Нотариус



Республика Қазақстан, Алматы қаласы
Жиырма алтыншы желтоқсан екі мың он
үшінші жылы.

Мен, Қазакстан Республикасының Әділет
министрлігімен 25 қантар 2002 жылы
берілген №0000970 лицензияның негізінде
әрекет жасаушы Алматы қаласының
нотариусы Шайкенова Лидия Алексеевна
«АСЫЛ-ИНВЕСТ» АҚ өкілінің
Дюсембеков Аслан Гусманович
азаматтың менің көзімше қойған қолының
түпнұсқа екендігін айғақтаймын. Құжатқа
қол қоюшының жеке басы анықталды.

Тізілімде № 1835
болып тіркелді.

Жеке нотариусқа толенген сома 1904 тенге

Нотариус

